

## Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 7 қарашадағы N 1666 Жарлығы  
Президент пен Үкіметтің актілер  
жинағында және республикалық  
баспасөзде жариялануға тиіс

Қазақстандық парламентаризмнің дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан  
Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарын көтермелеу  
мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығын атап өту  
құрметіне **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл" мерекелік медалі тағайындалсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) "Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл" мерекелік медалі туралы  
ереже;

2) "Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл" мерекелік медалінің  
сипаттамасы бекітілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2005 жылғы 7 қарашадағы

N 1666 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

**"Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл"  
мерекелік медалі туралы**

**ЕРЕЖЕ**

1. "Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл" мерекелік медалімен (бұдан әрі - мерекелік медаль) қазақстандық парламентаризмнің дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қызметшілер, бюджеттік ұйымдар мен өндіріс саласының қызметкерлері қатарынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары наградталады.

2. Мерекелік медальмен наградтау жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының

төрағалары, Үкіметі, Конституциялық Кеңесі, Жоғарғы Соты, министрліктері, өзге де орталық мемлекеттік органдары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер енгізеді.

3. Мерекелік медальді Қазақстан Республикасының Президенті тапсырады, сондай-ақ оны Қазақстан Республикасының Президентінің атынан және оның тапсырмасы бойынша:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы;
- 2) Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының төрағалары;
- 3) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері;
- 4) өзге де лауазымды адамдар тапсыруы мүмкін.

4. Мерекелік медальді тапсыру салтанатты жағдайда жүргізіледі және ол наградталушының жеке өзіне тапсырылады. Тапсыру алдында Қазақстан Республикасы Президентінің наградтау туралы Жарлығы жария етіледі.

5. Әрбір наградталған адамға мерекелік медаль тапсырумен бір мезгілде тиісті куәлік беріледі.

6. Мерекелік медальдің тапсырылғаны туралы белгіленген нысандағы хаттама толтырылады. Ол медаль тапсырған адамның қолы, тапсыру жүргізген органның мөрі арқылы бекітіліп, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберіледі.

7. Мерекелік медаль сол жақ омырауға тағылады. Мемлекеттік наградалары болған жағдайда олардан кейін орналасады.

8. Жүргізілген наградтаулардың есебін, сондай-ақ мерекелік медальдардың тапсырылу барысы туралы есептілікті Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүргізеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е з и д е н т і н і ң  
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 7 қ а р а ш а д а ғ ы  
N 1 6 6 6 Ж а р л ы ғ ы м е н  
БЕКІТІЛГЕН

**"Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл"  
мерекелік медальдің  
СИПАТТАМАСЫ**

"Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл" мерекелік медалі латуннан дайындалады, диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер пішінді.

Медальдің бет жағының ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы бейнеленген. Тудың бейнесі көк түсті эмальдан жасалған. Медальдің төменгі бөлігінде шеңберді бойлай лавр бұтақшасы орналасқан. Тудың оң жағында екі жолға жазылған "10 жыл" деген бедерлі жазу бар.

Медальдің сыртқы жағының ортанғы бөлігіндегі жалтырақ бетке үш жолдан тұратын "Қазақстан Республикасының Парламенті" деген жазу жазылған. Жазудың

астындағы төменгі бөлікте ұлттық ою-өрнек элементі орналасқан.

Медальдағы бейнелер мен жазулардың бәрі де бедерлі, алтын түстес. Медаль айналдыра жақтаушамен көмкерілген.

"Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл" мерекелік медалі құлақша мен шығыршық арқылы латуннан жасалған, ені - 34, биіктігі 50 мм алтыбұрышты тағанмен жалғанады. Таған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы түстес қатқыл лентамен қапталған, оның екі жақ жиегі ені 4 мм көк түсті жолақпен көмкерілген. Лентаның ортасында әрқайсысының ені 2 мм екі сары жолақ орналасқан. Қатқыл лентаның ені 34 мм. Тағанның сырт жағында түйреуіш орналасқан, медаль соның көмегімен киімге қадалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК